

mavzusidagi xalqaro ilmiy-amaliy konferensiya

ТІЛДІК ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС ЖӘНЕ КОД МӘСЕЛЕСІ

ОӘЖ 811.512.122

*Токсанбаева Т.Ж.,
ф.ғ.к., доцент «С. Сейфуллин
атындағы Қазақ агротехникалық
зерттеу университеті» КеАҚ,
Гуманитарлық факультеті,
Қазақ және орыс тілдері кафедрасы,
Қазақстан, Астана қаласы.
tlesha66@mail.ru*

Тілдік қауымдастық – бұл ортақ әлеуметтік, экономикалық, саяси және мәдени байланыстармен және күнделікті өмірде бір-бірімен ортақ бір тілді немесе әртүрлі тілдерді қолданатын әлеуметтік институттармен тікелей және жанама байланыстар жасайтын адамдардың қоғамы.

Бір-бірімен функционалды толықтыру қатынастарында болатын белгілі бір тілдік қауымдастықтағы кодтар мен қосалқы кодтардың жиынтығы қауымдастықтың әлеуметтік-коммуникативті жүйесі деп аталады.

Тілдік қарым-қатынастағы код дегеніміз – коммуникативтік актіге қатысушы адамдардың өзара сөйлесетін *тілі, диалект, сленг, стиль* сияқты сол тілдің келесі бір нұсқасы, вербальды қарым-қатынаста қолданылатын жүйе.

Екітілді сөйлеушінің сөйлеуі кезінде пайда болатын тіл нормаларынан ауытқу жағдайлары, оның бірнеше тілдерді білуі, яғни тілдік байланыстар нәтижесінде пайда болады, бұл *интерференция* деп аталады.

Тілдік экспанция дегеніміз – ата-бабалардың жеріндегі автохонды тілдердің өзінің төл аумағынан ығыстырылуы және бөтен «импортталған» тілдің үстемдік құрып, таралуы. Екі немесе одан да көп тілдердің өзара байланысуының нәтижесінде олардың біреуі немесе екеуі де өзгеріске ұшырауы мүмкін, бұл тілдердің бір-біріне әсер етуінен пайда болады, оны тілдік контакт (байланыс) деп атайды, бұл – екі немесе одан да көп тілдердің өзара әсері нәтижесінде көп не қостілді қоғамда жүзеге асатын әлеуметтік үдеріс.

Интерференциялық ықпалдың нәтижесінде өзара тығыз байланыстағы тілдік жүйелердің арасында ұқсастық көбірек пайда болады, тілдер бір-біріне жақындай түседі – бұны *конвергенция* деп атайды.

Қоғамдағы лингвистикалық құрылым.

Қоғамның дамуы тілдің эволюциясына әсер етеді және де оның бағытын анықтайды. Яғни, қоғам тілдің дамуына әсер етеді, бірақ тілдің дамуы

mavzusidagi xalqaro ilmiy-amaliy konferensiya

қоғамның даму заңдары бойынша емес, өз дамуының ішкі заңдары бойынша іске асады. Тілдің даму заңдары қоғамның даму заңдарына сәйкеспейді, [1] лингвистикалық және әлеуметтік өзгерістер арасында біркелкі байланыс жоқ деп есептеледі. Адам тілді қарым-қатынас құралы ретінде қолданады, жиі қолданыстағы тілдің өміршеңдігі артады.

Этникалық тіл және ана тілі.

Қостілді қауымдастықтарда, оның мүшелерінің көпшілігі бірнеше тілді меңгерген болып келеді. Осындай тілдік жағдаятта тілдерді меңгеру реті мен қостілді адамның өмірінде атқаратын рөліне байланысты тілдер бір-бірінен ерекшеленеді. Отандық әлеуметтік тіл білімінде алғашқы болып меңгерілген тіл ана тілі.

«Ана тілі – жеке адамның этникалық тегін білдіретін белгілерінің бірі. Сонымен қатар ана тілі адамның ең жақсы білетін, әдетте, жанұяда қолданылатын тілі». Бір жағынан, ана тілі – бұл «ұлттың тілі, адамды өз халқымен, өткен ұрпақтармен, олардың рухани әлемімен байланыстыратын ата-бабалар тілі». Екінші жағынан, бұл баланың бойына ана сүтімен сіңіп, табиғи жолмен анасынан және оның айналасындағы адамдармен әлеуметтік қарым-қатынасқа түсу барысында үйренген ана тілі, бірінші тілі». Ал, екі тілді отбасында өсетін балалар үшін, жоғарыдағы анықтамаға сәйкес, ана тілі бірнешеу де болуы мүмкін. Кейбір елдерде ана тілі немесе ата-ана тілі термині өзінің алғашқы тілінен гөрі этникалық топтың тілін де білдіреді.

Әлеуметтік лингвистика баланың алғашқы отбасында үйренген тілін ана тілі деп қарастырса да, бұл сөз тіркесі күнделікті өмірде, публицистикада, тіпті кейбір ғылыми жұмыстарда келесі мағынада жиі кездесуі мүмкін: Балаларымыз ана тілінде сөйлемейді. Қала тұрғындары ана тілін ұмытып барады және т.б.

Бұл мысалдарда ана тілі деп осы этносқа тән тілді түсінеміз, осы тұста этникалық тіл терминін қолдануға болады. Мысалға эвенктің этникалық тілі әрқашан эвенк тілі болады; егер эвенк Якутияда дүниеге келсе, онда якут тілі оның ана тілі болып саналады. Ал қызметі мен тұратын мекеніне байланысты оның негізгі қарым-қатынас тілі орыс тілі болуы мүмкін. Ал, Қазақстандағы тілдік жағдаятқа байланысты, мысалы, ұйғыр не өзбек сияқты этникалық топтардың өкілі өз тілдерімен қатар, қазақ не орыс тілін меңгеруі мүмкін, ал ана тілі ретінде олар өз этникалық тілдерін атауы мүмкін. Олар қазақ не орыс тілдерін қарым-қатынас тілі ретінде, яғни екінші тіл, тіптен үшінші тіл ретінде қолдануы мүмкін. Адам балалық шағынан екі тілді бірдей дәрежеде меңгеретін жағдайлары да кездеседі.

mavzusidagi xalqaro ilmiy-amaliy konferensiya

Негізінде бала көбінесе осы екі тілдің біреуінде сөйлеп бастайды, алайда мектеп жасына дейінгі уақытта оның бұл тілдерде сөйлеу құзыреті біртүлді баланың қабілетімен пара-пар болуы мүмкін. Әрине, бұл жағдайда екі тіл де ана тілі ретінде қарастырылады. Кейде балалық шақта біртүлді болған бала қысқа уақыт аралығында қостілділікке өтіп, толығымен жаңа тілде сөйлей бастайды, бұл – эмиграция нәтижесінде жиі орын алатын жағдай. Жасөспірім кезеңге келген кезде бұл бала балалық шағында еркін меңгерген жалғыз тілі – ана тілін толығымен ұмытады. Бұл жағдайда ана тілі ретінде екінші тілді қарастырған жөн. Яғни, ана тілі деп балалық шақта үйренген және ересек кезде де дағдылары сақталған тілді түсінеміз, сонымен қатар, адамның өміріндегі болған әлеуметтік өзгерістерге байланысты оның бірнеше ана тілі де болуы мүмкін.

Адамның ана тілінен кейін меңгерген кез келген келесі тіл екінші тіл болып табылады. Әрине, осы анықтамаға сүйенсек, адам екінші тіл ретінде бірнеше тілді білуі мүмкін. Әдетте меңгеру реті бойынша екінші тілді үшінші тілден ажыратудың қажеті жоқ, себебі ана тілі болып табылмайтын тілдердің атқаратын функциялары мен оларды білу дәрежесі индивидтың тілдерді меңгеру ретіне байланысты болмайды. Қостілді қоғамда тілдер тең дәрежеде қолданылмайды. Адам қоғамдық өмірде, кәсіби қызметте, достарымен және отбасы мүшелерімен бейресми қарым-қатынас кезінде әртүрлі тілдерді қолданады. Әдетте тілдердің біреуі функционалдық қызметіне байланысты адамның күнделікті өмірінде қолдануында басымдық танытады, бұл тілді негізгі тіл (үстем тіл) деп атайды. Ал тіл иерменінің қоржынындағы басқа тілдер қосымша тілдер мәртебесіне ие болады. Бұл тілдерді коммуникант негізгі тілге қарағанда сирек және әлеуметтік маңыздылығы аздау жағдайларда пайдаланады.

Қазақстандық тілдік жағдаятта негізгі тіл ретінде ұлтаралық қарым-қатынасты жүзеге асыру үшін мемлекеттік тіл – қазақ тілі және ресми тіл – орыс тілі қолданылады. Жеке тұлға тілдік дағдыларды меңгеруіне қарай тілдер екіге, бірі – күнделікті қарым-қатынас арқылы табиғи меңгерген тіл (адам өз ана тілін осылайша меңгереді) және арнайы үйренген тіл, яғни, адам өзі ниеттеніп мектепте, тіл курстарында немесе жеке өзі үйренген тілдерге бөлінеді.

Мұра тіл.

Кез келген ұлттың өзара қауымдаса тіршілік етуі үшін қажетті тіл – ол ана тілі де, ал жалпы тілге қатысты, оны үйрену, меңгеру, қолдануға қатысты, «екінші тіл», «этникалық тіл», «шет тілі», «ресми тіл», «халықаралық тіл» деген түсініктер де бар. Қазіргі жаһанданып отырған әлеуметтік ғылымдар саласында

mavzusidagi xalqaro ilmiy-amaliy konferensiya

жоғарыда аталған түсініктердің қоғамда атқарар рөліне байланысты пара-пар не анықтамалары біршама сәйкесетін, не басқа қырынан түсіндірілген әлеуметтік тіл білімі терминдерінің кейбір тұстарын қарастырмақпыз.

Ендеше, «отбасы тілі» мұра тіл ретінде әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар қарастыратын «ана тілі», «шет тілі» сияқты түсініктерден қандай айырмашылығы бар? Қандай тіл «отбасы тілі» болып табылады? Билингваль үшін қай тіл «ана тілі» болып есептеледі? «Отбасы тілін» қолданатын тілдік топтар кімдер?

Жалпы «отбасы тілі» термині салыстырмалы түрде жаңа түсінік болып табылады, бірақ тіл білімі мен тілді оқытуда «аз сөйленетін тіл, шағын топ тілі» деген концепт бұрыннан-ақ айтылып келеді. Миграциялық көші-қонның нәтижесінде пайда болған тілдік контактілер жаңа болып табылмағанмен де, көп елде иммигранттар тілі отбасы тілі болып танылады. «Отбасы тілінде» сөйлеушілер иммигранттардың екінші ұрпақтары, олар жастайынан бастап, көптілді не билингвальды ортада өмір сүргендіктен алғашқы жер ауыстырып келген ата-анасының тілін «отбасы тілі» ретінде жалғастырушы болып табылады.

Кез келген тілдің қолданыс аясы мен жиілігі азайған сайын, тіптен ана тілі болса да, тілдің азу құбылысы орын алатындығына көз жеткіздім. Тілдің азу құбылысы салдарынан ана тілі бірте-бірте ана тілі болудан қалып, сөйлеуші ана тілдің орнын басым тілдің элементтерімен алмастырады. Басым таралған тілде сөйлеуші өзін сенімді сезінгендіктен, лексиканың орын толтыру үшін үстем тілден код алмастыру, ана тілдегі белгілі бір морфологиялық қателерден, грамматикалық құрылымдық қиындықтан қашқақтап, басым тілге оңай сүйенеді. Міне осылай, «ана тілі» азғындап, шектеулі тіл «отбасы тілі» кейпіне түседі.

Қазақстандық плюралистік тілдік бейне айрықша лингвистикалық кеңістіктігімен сипатталады. Тілдердің қатар өмір сүруі, олардың ықпалдасуы, тілдік контактілер сияқты әрекеттер – қазақстандық қоғамның қазіргі тілдік жағдаятында орын алып отырған құбылыс. Бұл – қазақстандық тілдік саясатта тілдердің қолданылуы, оқытылуы және тілдік қарым-қатынаста «отбасы тілдерінің» де ертеден-ақ жергілікті титулды тіл – қазақ тілімен қатар өмір сүріп келе жатқандығының дәлелі. Сонымен, «отбасы тілі» мәселесін көтеріп жүрген ғалымдардың зерттеулеріне сүйенсек, бұл түсінік Қазақстанның тілдік кеңістігіне де тән, сонда, «отбасы тілі» дегенімізде әрбір тілдік қауымдастық мүшесі үшін өз ата-анасынан мұра болып қалған ана тілі еске түсері анық, біздің қарастыруымыздағы «отбасы тілі» – Қазақстанда тұрып жатқан

mavzusidagi xalqaro ilmiy-amaliy konferensiya

этникалық қауымдастық тілі және диаспоралар тілі ретінде әлеуметтік мәнге ие тілдер. «Отбасы» деген жапсырма анықтауыш негізінен, тілдің лингвистикалық сипатына не қасиетіне қарай емес, сол тіл сөйлермендерінің қоғамдағы орнына, әлеуметтік мәртебесіне қарай берілген [3, 413].

Сонымен, көптілді жағдаятты қазақстандық тәжірибеде тілдік плюрализм «отбасы» тілдері арқылы қалыптасқан, тарихи миграциялық ауысулардың кезеңдік сипатына қарай, мұра болып қалған «отбасы тілдерін» төмендегідей топтаймыз:

1. *Отарлық «отбасы тілі», бұл тілге негізінен, орыс тілін жатқызамыз. XIX ғасырдың екінші жартысынан патшалық Ресей Қазақстан аймақтарын отарлау саясатынан бастап, егемендік алғаннан кейінгі қазақ қоғамындағы орыс тілінің өзгерген рөліне байланысты «отбасы тілі» болып саналады.*

2. *Көрші жатқан, мәдениеті мен тарихы араласқан ұлт пен ұлыстардың тілдері, мысалы, өзбек, ұйғыр, тәжік, татар, сияқты этникалық тілдер қарастырылады.*

3. *Екінші дүние жүзілік соғыс тұсында елге депортацияланған халықтар тілдері: украин, белорус, кәріс, неміс, кавказ халықтары тілдері «отбасы тілі» ретінде қарастырылады.*

4. *Егемендік тұсындағы «отбасы тілдері» қатарына, Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде тұрақты тұрған және Қазақстанға тұру мақсатымен келген ұлты қазақ шетелдіктермен бірге келген тілдер, мысалы: қытай, монғол, иран, түркі тілдері. Бұл топқа оралман қандастарымыздың шет жерде жүріп, қатынаста қолданған тілін жатқызамыз.*

Сонымен, мұра тіл - «отбасы тілінің» заманауи қызметі Қазақстанда тұратын этностардың тілдері мен мәдениетін мемлекеттік қолдаудың тиімді жүйесі аясында, жүргізіліп отырған оңтайлы тілдік саясат негізінде қазақстандық «Мәңгілік ел» идеясын қалыптастырушы да және оны жүзеге асырушы әлеуметтік рөлімен, бүгінгі таңдағы көп этносты, көп нәсілді және көп конфессиялы Қазақстан үшін мемлекеттік тілдің маңына этностарды біріктіретін, этносаралық қауымдастық қарым-қатынастарында өзара сыйластық пен төзімділікті сақтайтын ұйымдастырушылық маңызымен сипатталады.

Код және субкод түсінігі.

Әрбір лингвистикалық қауымдастық, ортақ тілдер, олардың диалектілері, жаргондар, тілдің стилистикалық түрлері сияқты белгілі бір байланыс мүмкіндіктерін пайдаланады. Мұндай кез келген құралды код деп атауға болады. Жалпы мағынада код байланыс құралы болып табылады: табиғи тіл

mavzusidagi xalqaro ilmiy-amaliy konferensiya

(қазақ, ағылшын, сомали және т.б.), жасанды тіл (эсперанто, қазіргі заманғы машина тілдері, Морзе коды, теңізде жалаумын белгі беру және т.б.).

Тіл білімінде *код* деп тілді, аумақтық немесе әлеуметтік диалектілерді, қалалық койне, пиджин, лингвафранка сияқты тілдік жасалымдарды атайды. *Код* терминімен қатар *субкод* термині де қолданылады. Ол белгілі бір жалпы кодтың ішкі жүйесін, кодқа қарағанда кішірек көлемдегі коммуникативті құралды, қызмет аясы мен қолдану шеңбері тарлау кодтың кіші түрін білдіреді. Мысалы, қазіргі қазақ ұлттық тілінің әдеби тілі, аумақтық диалект, әлеуметтік жаргон, ауызекі тіл сияқты түрлері – қазақ ұлттық тілінің, яғни бірінғай кодтың субкоды, немесе ішжүйесі.

Бұдан былай қосалқы код пен ішжүйе терминдерін біз де әрі қарай іштей бөліктерге бөлуге болады, сол арқылы төменгі деңгейдегі қосалқы кодтарды (ішжүйелерді) анықтауға болады. Мысалы, қазақ тілінің әдеби тілі ұлттық тілдің қосалқы коды болып табылады да, ол іштей екі түрге бөлінеді: кодталған тіл және ауызекі сөйлеу тілі, олардың әрқайсысы бір-біріне тәуелсіз, қатар өмір сүреді және атқаратын қызметі тұрғысынан да бір-бірінен айырмаланады: кодталған тіл жазбаша сөйлеу түрінде, ал ауызша тіл – күнделікті ауызекі сөйлеу тілінде қолданылады. Өз кезегінде кодификацияланған әдеби тіл стильдерге сараланады, стильдер сөйлесім жанрларының алуан түрлері арқылы жүзеге асады; ауызша тілде де мұндай саралаулар бар.

Әлеуметтік лингвистикада субкодтар көбінесе тілдің өмір сүру формалары деп аталады, ал Батыста оларды тілдің регистрлері деп те атайды. Бір-бірімен функционалды толықтыру қатынастарында болатын белгілі бір тілдік қауымдастықтағы кодтар мен қосалқы кодтардың жиынтығы осы қауымдастықтың әлеуметтік-коммуникативті жүйесі деп аталады.

Бұл анықтамада «функционалды толықтыру» тіркесін анықтауымыз қажет. Бұл әлеуметтік-коммуникативті жүйені құрайтын кодтар мен субкодтардың әрқайсысының басқа кодтар мен субкодтардың қызметтерімен сәйкес келмейтін өз функциялары бар дегенді білдіреді, дегенмен де, олардың барлығы орындайтын қызметтері тарапынан бірін-бірі толықтырып та отырады. Мысалы, әдеби тілдің ғылыми, ресми-іскери, публицистикалық сияқты әр стилі басқа стильдерге тән емес өзіндік функциялары бар және олар сол қоғамның (әдеби тілде сөйлейтіндер қоғамы, олардан басқа, мысалы, диалектілерде, ауызекі тілде сөйлеушілер) барлық коммуникативті қажеттіліктеріне «қызмет ете алатын» жүйе құрады, және олар барлық қарымқатынас салаларында бір-бірін функционалды түрде толықтырады.

mavzusidagi xalqaro ilmiy-amaliy konferensiya

Көп тілді қоғамда әлеуметтік-коммуникативтік жүйені әрүрлі тілдер құрайды, осы тілдердің арасында қатысымдық қызметтер өзара бөлінеді (бұл жағдайда тілдердің әрқайсысы, әрине, диалектілер, жаргондар, стильдер болып субкодтарға бөлінеді). Әлеуметтік-коммуникативті жүйе ұғымын ғылыми айналымға 1970 жылдардың ортасында мәскеулік ғалым А.Д. Швайцер енгізді. Ол осы тұжырымдаманың функционалды жағын ерекше атап өтті: «Функционалды толықтыру байланысы дегеніміз белгілі бір лингвистикалық ұжым ішінде өмір сүретін жүйелер мен ішжүйелерді қолдану салаларына қарай бөлу, мысалы, кітабижазба сөйлесім, күнделікті ауызекі тіл және әлеуметтік қызметтеріне қарай (ғылым, мәдениет, білім, дін), бір жағынан, ал әлеуметтік жағдағдаяттарға сай екінші жағынан ажыратып қарастыру», - деп түсіндірді [4, 31].

Код ауыстыру

Жоғарыда айтылғандай, әлеуметтік-коммуникативтік жүйені құрайтын кодтар (тілдер) және субкодтар (диалектілер, стильдер) функционалды түрде бөлінеді. Белгілі бір тілдік қауымдастыққа кіретін сөйлеушілердің контингентіне ортақ қарым-қатынас құралдарының жиынтығын меңгеру тән де, қауымдастық мүшелері оларды керек кезінде қарым-қатынас жағдайларына қарай пайдаланады.

Мәселен, егер біз әдеби тілдің ішжүйелері (субкодтары) туралы айтатын болсақ, онда ғылыми қолданыста әдеби тілдің иермендері ғылыми сөйлесім стилін іс қағаздарын жүргізуде, сот ісінде, әкімшілік хат алмасуда ресми іскерлік стильдің мүмкіндіктерін қолданады, ал дін саласында діни уағыз сөздер мен діни мәндегі тілдік құрылымдарға жүгінеді. Басқаша айтқанда, қарым-қатынас арнасына байланысты сөйлеуші бір тілдік құралдардан басқаларына ауысып отырады. Осыған ұқсас жағдай екі (немесе бірнеше) тіл қолданыста болатын қоғамдарда жиі байқалады.

Билингвальдар, яғни екі (немесе бірнеше) тілді меңгерген адамдар, әдетте қарым-қатынас жағдайларына байланысты тілді таңдауды «реттеп отырады»: ресми жағдайда, билік өкілдерімен байланыс кезінде негізінен бір тіл, ал күнделікті өмірде, отбасында, көршілермен қарым-қатынас кезінде басқасы (басқалары) қолданылады. Бұл жағдайда бір кодтан басқасына ауысу туралы айтуға болады, тек кодтар ретінде бір тілдің стильдері емес, әр түрлі тілдер қарастырылады.

Код ауыстыру не кодтық алмасу – бұл ауызекі сөйлесу процесінде сөйлеушінің қарым-қатынас жағдайларына байланысты бір тілден (диалектіден, стильден) екіншісіне ауысуы. Код ауыстыруды қалай жүзеге асыруды таңдау

mavzusidagi xalqaro ilmiy-amaliy konferensiya

элеуметтік және лингвистикалық бірқатар факторларға байланысты анықталады. Бұл көбінесе екітілді, көп ұлтты және иммигранттық тілдік ортаға тән құбылыс.

Тілдік қарым-қатынастағы код дегеніміз коммуникативтік актқа қатысушы адамдардың өзара сөйлесетін тілі, *диалект, сленг, стиль* сияқты тілдің келесі бір нұсқасы, вербальды қарым-қатынаста қолданылатын жүйе.

Коммуникативтік актқа қатысушылар бір-бірімен мәлімет алмасу үшін олар өздерінің ойын, сезімін білдіруге қатысты нақты кодты таңдайды. Стокуэллдің айтуынша (2002, 8-9), «код дегеніміз – белгілі бір тілде, тілдің ішжүйесінде, диалектіде, акцентте, стильде әр түрлі жағдайларда және әртүрлі мақсаттарда сөйлесу не әңгімелесу үшін адамдар пайдаланатын ұлтшылдықтың белгісі».

Сол сияқты Рональд Вардау [4,101] кодты «кез келген жағдайда қолданылатын екі немесе одан да көп тараптардың арасындағы байланыс үшін қолданылатын жүйе» ретінде анықтауға болады деп тұжырымдайды.

Холмс (1992) екі тілді немесе көп тілді қауымдастықта өмір сүретін адамдар бір-бірімен байланысқан кезде екі немесе одан да көп кодты қолдануға бейім келетінін айтады. Екі немесе одан да көп адам бір-бірімен сөйлескенде біз олардың қолданып отырған байланыс жүйесін код деп атауымызға болады. Сондықтан адамдар әдетте вербальды қатынаста белгілі бір кодты таңдайды, сонымен бірге олар бір кодтан екіншісіне ауысады немесе кодтарды алмастырып қолданады.

Холмстің айтуынша, сөйлеушінің таңдаған тілдік формалары оның сөйлеп тұрған элеуметтік жағдайына байланысты болады [5]. Оның не (тақырып) туралы айтып, кімге, қайда, қандай оймен вербальды қарым-қатынас жасап тұрғаны (өзара іс-қимыл функциясы) маңызды. Нәтижесінде, бір ғана хабар әр түрлі адамдарға әр түрлі болып жетуі мүмкін.

Билингвальды не мультилингваль тараптардың коммуникациялық актіде бір тілден ауысып, екінші тілдің элементтерін (*сөз, фраза, бірліктерді*) ауыстырып қолдануы арқылы өзара түсіністік орын алады.

Әдетте билингвальдық қатынаста екі тілдің біреуі үстем болып табылады: сөз алынатын тіл (қосалқы тіл - *embedded language*) болып табылады да, ал негізгі тіл матрицалық тіл (*matrix language*) деп аталады. Төменде код ауыстыруға мысалдар берілді:

- *If you have an exam next week, дайындықтарың әлсіз. (ағылшын + қазақ)*
- *Әріптестер, round table talk 2-ші қабатта болады. (қазақ + ағылшын)*
- *Я еще не сделал homework, brother? (орыс + ағылшын)*

mavzusidagi xalqaro ilmiy-amaliy konferensiya

- *Ребята, үй жұмысын когда закончите? (орыс + қазақ)*

Сөйлеушіні код ауыстыруға бірнеше себеп мәжбүрлейді. Мысалы, адресаттың (яғни, тыңдаушының) өзгеруі, адресаттың немесе үшінші әңгімелесушінің бір ғана тілде сөйлей алуы код ауыстыруға себеп болуы мүмкін. Сөйлеушінің өзі рөліндегі өзгеріс те код алмасуына себеп болатын фактор болады. Айталық, студент отбасымен сөйлескенде немесе сыныптастарымен кездескенде өзінің туған диалект тілін қолдана алады, ал ол университетте қалыптасқан сөйлеу формаларына ауысуға мәжбүр болады. Егер мұндай алмасу орын алмаса, адресантты басқалар түсінбей қалуы мүмкін, сондықтан ол өз мақсатына жете алмайды, басқаша айтқанда, коммуникативтік сәтсіздікке ұшырайды. Код ауыстыру себептерінің жағдайлары төменде берілді:

- *Нақты тақырыпты ашу мақсатында: Адамдар, әдетте, белгілі бір тақырып бойынша сөйлесу кезінде кодты ауыстырады, өйткені осы тақырыпты нақты ашу үшін осы тақырыпқа түсінікті тіл мен сөз бірліктерін таңдайды.*

- *Біреуге сілтеме жасау, не қанатты сөздерді қолдану: Бәрі маған Don't be shy дейді. Yesterday is a history, сондықтан бүгінмен өмір сүр!*

- *Түсіндіру, қайталау: Кейде тыңдаушылар белгілі бір кодты түсіне алмайды. Сөйлеуші тыңдаушыға түсінікті болу үшін кодты қайталап айтуға мәжбүр болады.*

- *Өзін-өзі таныту мақсатында: Кейде адамдар топты немесе оның мүшелерін басқа адамдарға таныстыру үшін тілін өзгертеді, онда сөйлеуші тыңдаушыға ерекше әсер ету үшін код ауыстырады.*

- *Лексикалық олқылықтарды толтыру функциясы. Осы сенбиде English club-та, Halloween болады. Ертеңгі quiz-ге кім дайын? [6].*

Сөйлеуші басқа кодқа ауысқан кезде, сол кодтың фонетикалық, грамматикалық және басқа тілдік нормаларына сәйкес түрленеді. Қосалқы тілден алынған сөз негізгі тілдің фонетикасы мен грамматикасына сай ассимиляцияланады. Кодтарды ауыстыра алу қабілеті адамның тілді (немесе тілдің ішкі жүйелерін) жеткілікті деңгейде меңгергендігі, оның белгілі бір коммуникативтік қабілеті және жалпы мәдениеті туралы хабар береді. Кодтық ауыстырудың механизмдері адамдар арасындағы өзара түсіністікті және сөйлесім актісі үдерісіндегі салыстырмалы түрдегі қолайлылықты қамтамасыз етеді. Керісінше, индивидтің өз сөзін қарым-қатынас жағдайына байланысты түрлендіре алмауы, тек бір кодқа (немесе субкодқа) бейімділік екі не көп тілді ортада ауытқушылық ретінде қабылданады және коммуникативтік қақтығыстарға алып келуі мүмкін. Кодтарды ауыстыру құбылысын тіл

mavzusidagi xalqaro ilmiy-amaliy konferensiya

біліміндегі кірме сөздер және тілдегі кіріктіру секілді құбылыстардан ажырата білу керек.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Аханов К. Тіл білімінің негіздері. - Алматы, 2011
2. Salzman, Zdenek. “Language, Culture, and Society: An Introduction to Linguistic Anthropology.” Westview, 2004.
3. Saville-Troike, Muriel. «The Ethnography of Communication: An Introduction, 3rd ed.» Blackwell, 2003.
4. Хасанов Б. Мемлекеттік тіл: әлеумет және жастар: - Алматы, 2013. -200 б.
5. [http://www.xlinguae.eu/2023_16_2_16.html#:~:P.212-221.
text=2023_16_2_16,10.18355/XL.2023.16.02.16](http://www.xlinguae.eu/2023_16_2_16.html#:~:P.212-221.text=2023_16_2_16,10.18355/XL.2023.16.02.16)
6. Язык и нация. Иванишин В., Радевич-Винницкий Я. Дрогобич, 1994. -220 с.